



Шикі газды факелде жағуға рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 25 сәуірдегі № 140 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 17 мамырда № 16902 болып тіркелді.

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 2018 жылғы 29 маусымнан бастап қолданысқа енгізіледі.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Кіріспе жаңа редакцияда көзделген – ҚР Энергетика министрінің 06.10.2021 № 314 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексі 146-бабының 4-тармағына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 10.04.2020 № 138 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Шикі газды факелде жағуға рұқсат беру қағидалары бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекция департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2018 жылғы 29 маусымнан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі*

Қ. Бозымбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар
министрі

Д. Абаев

2018 жылғы 26 сәуір

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика
министрі

Т. Сүлейменов

2018 жылғы 3 мамыр

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2018 жылғы 25 сәуірдегі
№ 140 бұйрығымен
бекітілген

**Шикі газды факелде жағуға рұқсат беру қағидалары
1-тарау. Жалпы ережелер**

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-тармақ жаңа редакцияда көзделген – ҚР Энергетика министрінің 06.10.2021 № 314 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алшыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Шикі газды факелде жағуға рұқсат беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2017 жылғы 27

желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексі 146-бабының 4-тармағына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңы (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және шикі газды факелде жағуға рұқсат беру тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 10.04.2020 № 138 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Шикі газды факелде жағуға рұқсаттар беру:

- 1) ұңғыма объектілерін сынау кезінде;
- 2) кен орнын сынағанда пайдалану кезінде;
- 3) шикі газды технологиялық тұрғыдан еріксіз жағу кезінде жүзеге асырылады.

3. Шикі газды факелде жағуға рұқсатты (бұдан әрі – рұқсат) көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша береді.

4. Осы Қағидалардың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген жағдайларда, жер қойнауын пайдаланушы (жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша оператор, сенімгерлік басқарушы) (бұдан әрі – өтініш беруші) жобалау құжаттарын және Кодекстің 146-бабының 4-тармағына сәйкес көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган бекітетін жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде шикі газды жағу нормативтері мен көлемдерін есептеу әдістемесі (бұдан әрі - әдістеме) бойынша айқындалатын нормативтер мен көлемдер шегінде шикі газды қайта өңдеуді дамыту бағдарламасын сақтаған жағдайда көмірсутектер саласындағы уәкілетті органның рұқсаты бойынша шикі газды факелде жағуға жол беріледі.

2-тарау. Шикі газды факелде жағуға рұқсаттар беру тәртібі

1-параграф. Ұңғымалар объектілерін сынау кезінде шикі газды факелде жағуға рұқсаттар беру

5. Ұңғыма объектілерін сынау кезінде өтініш беруші бекіткен және Кодекс пен Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген сараптамалардың оң қорытындыларын алған жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларын жүргізу үшін базалық жобалау құжатына немесе әзірлеуді талдауға сәйкес, өтініш беруші бекіткен ұңғыма объектілерін сынау жоспарында көзделген мерзімге, ұңғыманың әрбір объектісі үшін тоқсан күннен аспайтын мерзімге шикі газды жағуға жол беріледі.

Ұңғыма объектілерін сынау кезінде Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін қолданыста болған Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау құжатына сәйкес, өтініш беруші бекіткен ұңғыма

объектілерін сынау жоспарында көзделген мерзімге, ұңғыманың әрбір объектісі үшін тоқсан күннен аспайтын мерзімге шикі газды жағуға жол беріледі.

6. Өтініш беруші ұңғыма объектілерін сынау кезінде рұқсатты алу үшін "Электрондық үкіметтің" веб-порталына мынадай құжаттарды ұсынады:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшадағы нысанға сәйкес шикі газды факелде жағуға рұқсат алу үшін өтініш (бұдан әрі - өтініш);

2) өтініш беруші бекіткен ұңғыманың объектілерін сынау жоспарының электрондық көшірмесі;

3) осыған дейін алынған рұқсат аясында ұңғыма объектілерін сынау бойынша жұмыстар жүргізілмеген жағдайда, өтініш беруші олардың жүргізілмеген себептерін түсіндіретін растау құжаттың электрондық көшірмесін қоса тіркейді.

7. Ұңғыманың объектілерін сынау жоспарын өтініш беруші:

барлау кезеңінде – барлау кезеңінен, сондай-ақ осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген жобалау құжатының қолдану мерзімінен аспайтын мерзімге;

өндіру кезеңінде – өндіру кезеңінен, сондай-ақ Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген жобалау құжатының қолдану мерзімінен аспайтын мерзімге жасайды.

2-параграф. Кен орнын сынамаалап пайдалану, шикі газды технологиялық тұрғыдан еріксіз жағу кезінде шикі газды факелде жағуға рұқсаттар беру

8. Кен орнын сынамаалап пайдалану, шикі газды технологиялық тұрғыдан еріксіз жағу кезінде рұқсатты алу үшін осы Қағидаларға 2-қосымшадағы нысанға сәйкес өтініш ұсынылады.

Өтініш беруші сынамаалап пайдалану кезінде барлау кезеңінен, сондай-ақ сынамаалап пайдалану жобасының және шикі газды қайта өңдеу бағдарламасының қолдану мерзімінен аспайтын мерзімге рұқсат сұратады.

Өтініш беруші шикі газды технологиялық тұрғыдан еріксіз жағу кезінде өндіру кезеңі мерзімінен, сондай-ақ Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін қолданыста болған базалық жобалау құжаты, әзірлеуді талдау немесе жобалау құжаты және шикі газды қайта өңдеу бағдарламасының қолдану мерзімінен аспайтын мерзімге рұқсат сұратады.

9. Егер кен орнын сынамаалап пайдалану кезінде, шикі газды технологиялық тұрғыдан еріксіз жағу кезінде рұқсат алу үшін өтініш берілсе, өтініш берілген күннен бастап осындай кезеңнің өткен күндерін шегеріп тастағанда және жағылатын шикі газ көлемін тиісті қайта есептеумен уәкілетті органның рұқсат беру мерзімін шегеріп тастағандағы уәкілетті органмен бекітілген шикі газды қайта өңдеуді дамыту бағдарламасына сәйкес кезең жағудың сұратылып отырған кезеңі болып көрсетіледі.

10. Кен орнын сынамалап пайдалану кезінде шикі газды жағуға үш жылдан аспайтын жалпы мерзімге рұқсат беріледі.

11. Кен орнын сынамалап пайдалану кезінде, шикі газды технологиялық тұрғыдан еріксіз жағу кезінде рұқсат осы Қағидалардың 9-тармағын ескере отырып, шикі газды қайта өңдеу бағдарламасына сәйкес мерзімге беріледі.

12. Кен орнын сынамалап пайдалану кезінде, шикі газды технологиялық тұрғыдан еріксіз жағу кезінде рұқсат уәкілетті органмен бекітілуге жататын әдістеме бойынша, шикі газды қайта өңдеуді дамыту бағдарламасында көзделген есептелген нормативтер мен көлемдер шегінде беріледі.

3-Параграф. Уәкілетті органның шикі газды факелде жағуға рұқсаттар беруге өтініштерін қарауы

Ескерту. 3-параграф жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 10.04.2020 № 138 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Рұқсатты беруді (беруден бас тартуды) уәкілетті орган осы Қағидалардың 6 және 8-тармақтарында көзделген құжаттарды алған күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес "Шикі газды факелде жағуға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында келтірілген.

Өтініш беруші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

14. Уәкілетті органның жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері осы Қағидалардың 6 және 8-тармақтарында көзделген құжаттарды тіркеген сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Уәкілетті орган жеке басын куәландыратын құжаттар, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Өтініш беруші құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, уәкілетті органның жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды.

Уәкілетті органның жауапты құрылымдық бөлімшесі басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тарту өтініш берушіге электрондық құжат нысанында жіберіледі.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

15-тармақ жаңа редакцияда көзделген – ҚР Энергетика министрінің 06.10.2021 № 314 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Өтініш беруші құжаттардың толық пакетін ұсынған жағдайда уәкілетті органның жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері алты жұмыс күні ішінде олардың осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін қарайды.

Ұсынылған мәліметтер дұрыс болған және олар осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келген жағдайда, уәкілетті органның жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімде рұқсатты дайындайды не осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысанға сәйкес мынадай негіздер бойынша рұқсат беруден дәлелді бас тартуды дайындайды және өтініш берушіге жібереді:

1) өтініш беруші рұқсатты алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігі анықталса;

2) өтініш берушінің және (немесе) ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) өтініш берушіге қатысты мемлекеттік қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салатыны туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болса;

4) өтініш берушіге қатысты заңды күшіне енген сот шешімі болса, оның негізінде өтініш беруші мемлекеттік қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылса.

16. Уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер автоматты режимде мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне түседі.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

17-тармақ жаңа редакцияда көзделген – ҚР Энергетика министрінің 06.10.2021 № 314 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс

күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Уәкілетті органның құрылымдық бөлімшелері қызметкерлерінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым уәкілетті орган басшысының атына және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

Заңның 25-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес уәкілетті органның атына келіп түскен өтініш берушінің шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен өтініш берушінің шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Уәкілетті орган шешімінің нәтижелерімен келіспеген жағдайда өтініш беруші нәтижелерге сот тәртібімен шағымдана алады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қағида 18-тармақпен толықтыру көзделген – ҚР Энергетика министрінің 06.10.2021 № 314 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Шикі газды факелде жағуға
рұқсат беру қағидаларына
1-қосымша
нысан

Шикі газды факелде жағуға РҰҚСАТ

Нөмірі: Берілген орны:

Берілген күні:

берілді (жер қойнауын пайдаланушының (жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша оператордың, сенімгерлік басқарушының атауы)

(кен орны (құрылым), ұңғыма нөмірі)

көлемі

нде,

(жағуға рұқсат етілген шикі газдың көлемі)

(шикі газды жағу түрі)

(дайындық және аяқтау жұмыстарын ескере отырып, рұқсаттың қолданылу мерзімі)

Ескертпе: Басшы (уәкілетті адам): тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)
Электрондық-цифрлық қолтаңба

Шикі газды факелде жағуға рұқсат беру
қағидаларына
2-қосымша
нысан

Шикі газды факелде жағуға рұқсат алу үшін өтініш

Ескерту. 2-қосымшаның тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 10.04.2020 № 138 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

(қайда)

(көмірсутектер саласындағы уәкілетті органның толық атауы) (кімнен)

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның толық атауы, орналасқан жерінің мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, байланыс деректері (телефон, электрондық пошта)

(кен орны (құрылым); ұңғыма нөмірі*)

(мәлімделген жылға жағу мерзімін көрсете отырып, жағылатын шикі газдың көлемі (млн. м3)

(жүргізілетін жұмыстардың жоспарлы мерзімі)

(жер қойнауын пайдалану операцияларын жүргізу үшін жобалау құжатының атауы, бекіту күні және қолдану мерзімі)

(көмірсутектер саласындағы уәкілетті органмен бекітілетін әдістемеге сәйкес шикі газды факелде жағу нормативтері мен көлемдерінің есептемесі)

Ұңғыма туралы деректер:*

Объектінің және нөмірі	атауы	Көлемі, млн. м3	Аралығы	Объектілер бойынша факелде шикі газдың жағылу күндері
1		2	3	4

* ұңғымалар объектілеріне сынақтар жүргізу кезінде шикі газды жағуға рұқсат алу үшін

Қоса беріліп отырған құжаттардың тізбесі:

1. _____

2. _____

...

Ұйымның басшысы немесе уәкілетті адам (лауазымы)

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Электрондық-цифрлық қолтаңба 20 __ ж." ____ " _____

Шикі газды факелде жағуға
рұқсат беру қағидаларына
3-қосымша

"Шикі газды факелде жағуға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

Ескерту. 3-қосымшамен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 10.04.2020 № 138 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі
2.	Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері	Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру www.egov.kz , www.elicense.kz , "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жүзеге асырылады (бұдан әрі – портал).
3.	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	8 жұмыс күні. Көрсетілетін қызметті беруші ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді. Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші екі жұмыс күні ішінде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды береді.
4.	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған).
5.	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Шикі газды факелде жағуға рұқсат беру немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту. Қызмет көрсету нәтижесінің нысаны: электрондық. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол

		қойылған электрондық құжат нысанында жолданады және көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" сақталады.
6.	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға тегін көрсетіледі.
7.	Жұмыс графигі	1) көрсетілетін қызметті берушінің – демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс графигіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін; 2) порталдың – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
8.	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі	Порталға: 1) Шикі газды факелде жағуға рұқсат алу үшін өтініш (бұдан әрі – өтініш); 2) өтініш беруші бекіткен ұңғыманың объектілерін сынау жоспарының электрондық көшірмесі; 3) осыған дейін алынған рұқсат аясында ұңғыма объектілерін сынау бойынша жұмыстар жүргізілмеген жағдайда, өтініш беруші олардың жүргізілмеген себептерін түсіндіретін растау құжаттың электрондық көшірмесін қоса тіркейді. Кен орнын сынамаалап пайдалану, шикі газды технологиялық тұрғыдан еріксіз жағу кезінде өтініш ұсынылады.
9.	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	1) өтініш беруші рұқсатты алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігі анықталса; 2) шикі газды факелде жағуға рұқсат беру қағидаларында белгіленген рұқсат беру үшін қажетті көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің сәйкес келмеуі; 3) көрсетілетін қызметті алушы қатысты мемлекеттік қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салатын заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болса; 4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты заңды күшіне енген сот шешімі болса, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылса.
10.	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	1) Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары www.gov.kz интернет-ресурсында "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде порталда орналастырылған; 2) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар; 3) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар;


	4) портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде нашар көретіндерге арналған нұсқа қолжетімді; 5) мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары интернет-ресурста көрсетілген www.gov.kz "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы 1414, 8-800-080-7777.
--	--

Шикі газды факелде
жағуға рұқсат
беру қағидаларына
4-қосымша
Нысан

Ескерту. 4-қосымшамен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 10.04.2020 № 138 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

<p>[УО атауы (мемлекеттік тілде)] [УО реквизиттері мемлекеттік тілде]</p>		<p>[УО атауы (орыс тілінде)] [УО реквизиттері орыс тілінде]</p>
<p>Өтінішті одан әрі қарадан/ рұқсат беруден дәлелді бас тарту</p>		

<p>Нөмірі: [нөмірі] Берілген күні: [берілген күні]</p>	<p>Жер қойнауын пайдаланушының атауы (жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша оператордың, сенімгерлік басқарушының атауы)</p>
<p>[УО атауы], Сіздің [өтініш берген күн] № [өтініш нөмірі] өтінішіңізді қарап, хабарлайды _____. [Бас тарту себебі].</p>	

Уәкілетті құрылымдық басшысы	органның бөлімшесінің	жауапты [тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)]
		
<p>Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе в электронной цифровой форме» документу на бумажном носителе.</p>		

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қағида 5-қосымшамен толықтыру көзделген – ҚР Энергетика министрінің 06.10.2021 № 314 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2018 жылғы 25 сәуірдегі
№ 140 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің күші жойылды деп тануға жататын кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Ұңғымалар объектілерін сынау, кен орнын сынамалы пайдалану, технологиялық жабдықты іске қосу-баптау, пайдалану, оған техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары кезінде газды технологиялық еріксіз жағу кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға рұқсаттар беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 14 қарашадағы № 126 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10023 болып тіркелген, 2015 жылғы 28 қаңтарда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

2. "Ұңғымалар объектілерін сынау, кен орнын сынамалы пайдалану, технологиялық жабдықты іске қосу-баптау, пайдалану, оған техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары кезінде газды технологиялық еріксіз жағу

кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға рұқсаттар беру қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 14 қарашадағы № 126 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 23 ақпандағы № 128 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10784 болып тіркелген, 2015 жылғы 5 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

3. "Қазақстан Республикасы Энергетика Министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 10 қарашадағы № 639 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің өзгерістер енгізілетін бұйрықтары тізбесінің 2-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13100 болып тіркелген, 2016 жылғы 5 наурызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

4. "Ұңғымалар объектілерін сынау, кен орнын сынамалы пайдалану, технологиялық жабдықты іске қосу-баптау, пайдалану, оған техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары кезінде газды технологиялық еріксіз жағу кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға рұқсаттар беру қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 14 қарашадағы № 126 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 14 мамырдағы № 204 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13862 болып тіркелген, 2017 жылғы 22 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).